

"Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 63 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жолдауды;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

В. Радченко

Қарасу ауданы әкімдігінің

2022 жылғы 8 сәуірдегі

№ 63 қаулысымен

бекітілген

"Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да актілерді қабылдайды.

8. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның мекенжайы: 111000 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А.Исақов көшесі, 66.

10. Осы Ереже "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыруы жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарасу ауданы әкімдігінің

кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттер:

1) ауданның азық-түлік қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, агробизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;

2) ауданның аграрлық өнеркәсіптік секторының тиімді және оңтайлы қызмет етуін қамтамасыз ету;

3) кәсіпкерлікті даму мен қолдау, бәсекелестікті қорғау, сондай-ақ ғылыми - техникалық саласында кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті даму үшін жағдайлар жасау;

4) ауданың экономикасына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

5) туристік қызметтің дамуы, оның ішінде туристік қызметтің сапасын арттыру және оның инфрақұрылымын нығайту арқылы туризмді дамыту үшін жағдайлар жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктер

1) Құқықтары:

1) мемлекеттік мекемесінің мүдделерін ұсынуға;

2) өз құзырлығы шегінде мемлекеттік органдардан, лауазымдық тұлғалардан және басқа ұйымдардан керекті ақпаратты, құжаттарды және басқа материалдарды сұрау және алуға;

3) өз қызметін мемлекеттік басқарудың басқа да органдарымен өзара әсерді жүзеге асыруға;

4) "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретінің мәселелері бойынша аудан әкімімен және әкімдікпен қабылданатын нормативтік - құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстарды енгізуге;

2) Міндеттері

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтауға;

2) актілерді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімінің және басқа орталық атқарушы органдардың, сонымен қатар аудан әкімінің және әкімдігінің тапсырмаларын уақытында сапалы орындау;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

15. Функциялар:

1) бәсекеге қабілеттілігі негізінде ішкі және сыртқы нарықтарға ауыл шаруашылығы өнімдерінің және олардың қайта өңдеу өнімдерінің сату көлемін ұлғайту;

2) агроөнеркәсіп кешенінің даму бағдарламасын әзерлеуге және іске асыруға қатысу ;

3) ауыл шаруашылығы өндірістің экспорттық әлеуетін жоғарылату және экономикалық өсуін жеделдету үшін қаржы салымдарын тарту;

4) ауыл шаруашылығы өнімдерінің және қайта өңделген өнімдердің ішкі нарықтағы мониторингін өткізу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі мониторингін жүргізу;

5) ауыл шаруашылығы өндірістің саласында үздік тәжірибелерді тарату;

6) агроөнеркәсіптік кешенін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру, маркетинг қызметінің дамытуда жәрдем көрсету;

7) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы жағдайларды зерттеу және оларды ауылдық тауарын өндірушілердің назарына жеткізу;

8) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің қаржылық жағдайы бойынша мәліметтерді талдау (баланстардың, қарыздар құрылымының, дебиторлық және несиелік борыштардың өтімділігі);

9) кадрлық әлеуетті талдау, мамандарда оның мұқтаждығын болжамын, кадрларды даярлау, біліктілікті жоғарылату және қайта даярлау бойынша іс - шараларды жасау;

10) шағын несиелік ұйымдарды, ауылдық несиелік серіктестіктерді ұйымдастыру мәселелері бойынша агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілеріне жәрдем көрсету;

11) өзін-өзі қамтамасыз етуде ауданның өндірістік әлеует пен мүмкіндігін тиімді пайдалануға және артық өнімдерді сатуға жәрдем көрсету, ауданда өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөнінде нарықтардың желілерін кеңейтуге мүмкіндік тудыру;

12) ауыл шаруашылығы машина жасауды, машина - трактор станцияларының (сервис - орталықтар) лизингін және ауыл шаруашылықтық техникаларының көрмелерін дамыту мәселелері бойынша аймақтық семинар-кеңестерді өткізуге кеңестік көмек көрсету;

13) ауыл шаруашылығы техникаларының, қосалқы бөлшектердің, жанар-жағар май материалдарының қолда бары және мұқтаждығы туралы мәліметтердің талдауын өткізу және оларды сатып алуға көмек көрсету;

14) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылық өсімдіктердің ауруларына және зиянкестерге қарсы фитосанитарлық іс – шараларды өткізуге көмек көрсету;

15) мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік агро азық – түлік саясаттың негізгі бағыттары мен механизмдерін агроөнеркәсіптік кешенінің субъектеріне түсіндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

16) мал басының сақталуын және өнімділігін арттыруға бағытталған іс – шараларды әзірлеу; ауылдық округтерде меншіктің барлық нысандарында және жеке қосалқы албарларда жануарлар мен құстардың барлық түрлерінің қозғалысын ақпараттық – талдау жұмыстары мен мониторингін орындау;

17) ІҚМ тұқымдық қайта құру және табынды өз төлінен өсіру жөніндегі жедел есептілігі;

18) ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдері арқылы ауданның агроөнеркәсіптік кешенімен басқару функцияларын жүзеге асыру;

19) жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тізіміне ұсыныстарды қалыптастыру, олардың іріктеуі және қозғалысы;

20) инвестициялық жобаларды әзірлеуде ауданның шаруашылық - субъектеріне ақпараттық лен кеңес беру көмекті жүзеге асыру;

21) инвестициялық пен инновациялық жобаларының, бағыттайтын салалар өндірістік қызметінің, соның ішінде осы салаларда қызмет ететін ұйымдардың технологиялық жағдай деңгейінің мониторингін өткізу;

22) өз құзыреті мәселелері бойынша мемлекеттік пен аумақтық бағдарламаларды, облыс пен аудан әкімдіктердің қаулыларын облыс пен аудан шешімдері мен өкімдерін орындау жөніндегі есептіліктерді дайындау;

23) өз құзыреті шегінде тендерлерді, сондай-ақ дербес конкурстарды асыруға қатысу;

24) "Қарасу ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әкімші болып табылатын бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алу шегінде қаржы қаражаттарының пайдалануын қамтамасыз ету;

25) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапасының жүйесін енгізуіне мониторингті жүзеге асыру және көмек көрсету;

26) тексерістер мен сараптамалар өткізу, конкурстық комиссияларда қатысу үшін аудан кәсіпорындарының, ұйымдарының, қоғамдық қорылымдарының басшыларымен келісімі бойынша мамандарын тарту;

27) еңбек ресурстарын даму мен тиімді пайдалану, қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі іс – шараларды әзірлеу мен іске асыруда қатысу;

28) ауданың инвестициялық мүмкіндіктерін түсіндіріп тарату және жетістіктерін насихаттау мақсатымен аудандағы семинарлар мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қатысу;

29) жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету;

30) кәсіпкерлік саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруда, осы салада жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметін

үйлестіруде, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де мемлекеттік пен мемлекеттік емес құрылымдарымен өзара әсер етуде ат салысу;

31) бағдарламалық құжаттарда белгіленген келешектік бағыттарға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын іріктеу мен бағалауда қатысу;

32) кәсіпкерлікті даму мен қолдауды ұйымдастыруда, кәсіпкерлікті дамуды жәрдемдесудің белсенді нысаналарын енгізуде, кәсіпкерліктең жекелеген санаттары үшін арнайы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуде қызметті жетілдіру;

33) индустриалдық – инновациялық даму, кәсіпкерлік пен туризмді қорғау, қолдау мен даму мәселелері бойынша нормативтік – құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстарды әзірлеуде қатысу;

34) кәсіпкерліктің инфрақұрылымын қалыптастыру мен аяқ басуда қолдау көрсету, кеңес беру, ақпараттық технологиялық, қаржы және басқа салаларда қызмет көрсету;

35) аудан экономикасының дамуын мүмкіндік тудыратын келешектік жобаларды қаржыландыру мен несиелендіру, ғылыми - техникалық, өндірістік коммерциялық байланыстарды орнату мәселелері бойынша ауданның, облыстың банктік пен қаржы ұйымдарымен өзара әсер ету;

36) кәсіпкерлік субъектілер қызметінің жетістіктерін жариялауда бұқаралық ақпараттар құралдарымен өзара әсер ету, нормативтік, статистикалық ғылыми-әдістемелік, конъюктуралық және басқа да құжаттаманы қосатын ақпараттық пен ғылыми-әдістемелік базасын, кәсіпкерлерді ақпараттық қызмет ету жүйесін құру мен даму;

37) кәсіпкерлікті қолдау туралы заңнаманың мәселелері бойынша кәсіпкерлік субъектілердің, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізу, белгіленген тәртіпте азаматтардың хаттарын, шағымдарын, ұсыныстарын және жеке өтініштерін қарау;

38) бөлшек тауар айналым көлемінің және тауарлар мен қызметтерге денгей мен бағысының талдауын өткізу;

39) ауданның тұтыну нарығын даму мен сауда мәселелері бойынша мемлекеттік уәкілетті органдармен, кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара әсер ету;

40) кәсіпкерлік пен туризмнің салаларын даму үшін ішкі мен сыртқы инвестицияларды тартуын жәрдемдесу;

41) "Бизнестің жол картасы 2025" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

42) сауда қызметі субъектілерінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерінен асып кетуін бақылауды жүзеге асыру;

43) "әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне" рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларын бекіту кезінде көрсетілген тауарларға баға белгілеу туралы қабылданған шешімнің ықпалына мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

44) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау;

45) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарларды асырау қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу үшін дайындау;

46) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер дайындау;

47) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер дайындау;

48) облыстардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға олар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ветеринария саласындағы функцияларды орындаған кезде жәрдем көрсету;

49) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) облыстардың жергілікті атқарушы органдарына ұсыну;

50) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру;

51) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кіреді.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қарасу ауданы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мекемесі басшысының орынбасарлары жоқ.

19. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, оған жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет ету жөніндегі шараларды қабылдамаған үшін дербес жауапкершілікті тартады;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік қызметшілер мен өзге де қызметкерлерге тәртіптік жазалар қолданады және еңбек төлеу қорының үнемі шегінде қосымша ақылар, материалдық көтермелер (сыйақылар) белгілейді;

3) "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен міндетті орындау үшін бұйрықтарды шығарады және нұсқаулар береді;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасына бақылауды жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастырудың, қабылдаудың, тіркеудің және есепке алудың жай-күйі үшін жеке жауаптылықта болады ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де өкілеттіктерді орындайды.

"Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігін, ол болмаған жағдайда, заң күші бар заңнамаға сәйкес оны алмастырушы тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өз қызметі және басқа көздер нәтижесінде сатып алынған мүлкі (ақшалай қаражатты қоса алғанда) қалыптастырылады.

21. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінде бекітілген мүлік мемлекеттік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК